

"1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісімнің шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімдердің нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 наурыздағы N 212 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісімнің шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімдердің нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің карауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісімнің шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімдердің нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

2004 жылғы 22 қарашада Мәскеу қаласында жасалған 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісімнің шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімдердің нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартына қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісімнің шеңберінде жеткізілетін Әскери мақсаттағы өнімдердің нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Ұжымдық қауіпсіздік шарты Ұйымына мүше мемлекеттер ,

Ұжымдық қауіпсіздік тұжырымдамасының ережелерін және 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартына (бұдан әрі - Шарт) қатысушы мемлекеттердің коалициялық стратегиясының олардың қарулы күштері ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарының құрамына енетіні және Шарттың 4-бабын іске асыру мақсатында әскерлердің коалициялық (өңірлік) топтарына енгізіле алатыны туралы негізгі ережелерін басшылыққа ала отырып,

Шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісімнің (бұдан әрі Келісім) және келісімнің шеңберіндегі жабдықталатын Әскери мақсаттағы өнімдердің нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттаманың (бұдан әрі - Хаттама) шеңберіндегі өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыруға ұмтыла отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Хаттаманың 2-бабы келесі редакцияда жазылсын:

Бақылаудың құралы Келісімнің 1, 2, 6 және 10-баптарына (жаңадан нөмірленген) сәйкес жеңілдік шарттарымен жеткізілген әскери мақсаттағы өнімдер болып табылады.

2-бап

Хаттаманың 3-бабы екінші абзацындағы "ұжымдық қауіпсіздік өңірлеріндегі көпжақты күштер мен құралдардың құрамына бөлінген әскери құралымдарда" сөздері " ұлттық қарулы күштерінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

3-бап

13-баптағы 10-баптың нөмірі 11-мен ауыстырылсын.

4-бап

Осы Хаттама 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартына қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісімнің шеңберіндегі Әскери мақсаттағы өнімдердің нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылады.

5-бап

Осы Хаттама Келісімнің 14-бабында (жаңадан нөмірленген) көзделген тәртіпте
к ү ш і н е е н е д і .

Орыс тіліндегі бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы осы Хаттамаға қол
қойған мемлекеттердің әрқайсысына оның куәландырылған көшірмесін жіберетін
Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарты Ұйымының Хатшылығында сақталады.

Армения Республикасы үшін *Қырғыз Республикасы үшін*
Беларусь Республикасы үшін *Ресей Федерациясы үшін*
Қазақстан Республикасы үшін *Тәжікстан Республикасы үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК